

**Шымкент қаласы бойынша тексеру комиссиясы «Салықтық
әкімшілендірудің тиімділігі, жергілікті бюджетке түсетін салық және басқа
да міндетті түсімдердің толықтығы мен уақтылығы, дұрыстығына»
жүргізілген аудит нәтижесі бойынша анықталған кемшіліктер мен
сәйкессіздіктерді алдағы уақытта болдырмау мақсатында Қаратау ауданы
бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының жауапты қызметкерлерімен
өткізілген дөңгелек үстел
ХАТТАМАСЫ**

Шымкент қ.

№ 28 06 желтоқсан 2023 жыл

Тексеру комиссиясының мүшесі М.Т.Балқыбеков төрағалық етті.

Хатшы – Р.Балатаев

Қатысқандар: Тексеру комиссиясының мүшелері А.Е.Балықбаев, Ж.Ж.Сәдібеков, Н.Абдезов, аудит бөлімінің басшысы Ә.Үтебаев, сапаны бақылау бөлімінің басшысы Ғ.Елшібаев, заң қызметінің басшысының м.а. Н.Омаров және тексеру комиссиясының мемлекеттік аудиторлары.

Дөңгелек үстелге шақырылғандар: Қаратау ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының басшысының орынбасары А. Егембердиев, салық төлеушілермен жұмыс бөлімінің басшысы А.Султанбеков, салықтық әкімшілендіру және камералдық мониторинг бөлімінің басшысы К.Бименов.

Күн тәртібі:

1. Аудит барысында анықталған бұзушылықтар, кемшіліктер мен сәйкессіздіктерді талдау және алдағы уақытта болдырмау.
2. **Баяндамашы:** Тексеру комиссиясының мүшесі М. Балқыбеков.

Тыңдалды: Тексеру комиссиясының мүшесі М.Т.Балқыбеков өз баяндамасында аудиторлық іс-шара барысында Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік кірістер комитетінің «Орталықтандырылған сәйкестендірілген дербес шоттар» ақпараттық жүйесіндегі салық төлеушілердің жеке шоттарына ішінара талдау жүргізіліп, нәтижесінде бірқатар тұлғалардың жергілікті бюджетке түсетін Жеке табыс салығы, әлеуметтік салық, корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияларын мерзімінде тапсырмағандығы, салық салынатын табыс

көлемін кеміткендігі немесе нөлдік көрсеткіштермен тапсырғандығын атап өтті.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында агроөнеркәсіптік кешені шығындарын субсидиялауға бөлінген қаржыларды алушы тұлғалар туралы «Шымкент қаласының ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасы» мемлекеттік мекемесінен және «Шымкент қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінен «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасына қатысушыларға жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік гранттар беру қағидаларын бекіту туралы» қаулысына сәйкес 2020-2022 жылдары жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға мемлекеттік гранттар алған кәсіпкерлер жөнінде мәліметтер алынбағандығы айтылды.

Сөз сөйледі: Тексеру комиссиясының мүшесі А.Е.Балықбаев, Қаратау ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының басшысының орынбасары А. Егембердиев, салық төлеушілермен жұмыс бөлімінің басшысы А.Султанбеков, салықтық әкімшілендіру және камералдық мониторинг бөлімінің басшысы К.Бименов, аудит бөлімінің басшысы Ә.Үтебаев талқыланып отырған мәселеге байланысты өз ой-пікірлерін айтып өтті.

Дөңгелек үстел қорытындысымен шешім етті: Баяндамашының, қосымша сөз сөйлегендердің ұсыныс-пікірлері басшылыққа алынсын және Аудит барысында орын алған бұзушылықтар мен кемшіліктер бойынша басқарманың осы салаға жауапты қызметкерлерімен түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, жиналыс отырысы нәтижесінде тиісті тапсырмалар берілсін.

Семинар кеңес төрағасы



М. Балқыбеков

Хатшы



Р. Балатаев